

«ЖОЛДАҒЫ БАЛАЛАР» БІЛУІ КЕРЕК

4-БЕТ | ЗАҢ МЕН ТӘРТІП



БАСПАНА ҚАНШАЛЫҚТЫ ҚОЛЖЕТІМДІ?

5-БЕТ | МӘСЕЛЕ

> Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
> ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:
>
> Жаңа Конституция – халқымыздың ынтымақ-бірлігінің жарқын символы. Оның баптарында әрбір қазақстандықтың арманы мен аңсары, ұрпағының баянды болашағына деген үміті мен сенімі көрініс тапқан. Ата заң барша азаматтың – Отанымыздың шынайы патриоттарының басты бағдарына айналады. Қазақстанның жаңа Конституциясы – әлемдік өркениеттің биігіне бет алған ұлтымыздың берік әрі мызғымас тұғыры.

№68
(4966)
Бейсенбі
11 маусым
2026 жыл

ASTANA AQSHAMY

ELORDA AQPARAT

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

ЕЛ МЕРЕЙІ – ЕЛОРДА



1998 жылдың 10 маусым күні Қазақстанның жаңа елордасы ресми түрде халықаралық қауымдастыққа таныстырылды. Осы уақыттан бері Астана мемлекетіміздің әкімшілік орталығы ғана емес, еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуының, саяси тұрақтылығы мен стратегиялық болашағының бойтұмарына айналды.

АТА-АНАЛАР МЕН ТҮЛЕКТЕРГЕ ЕСКЕРТЕДІ

Елорда мектептерінде 18 маусым күні жалпы орта білім туралы аттестаттарды салтанатты түрде табыстау рәсімі өтеді. Осыған байланысты ата-аналар мен түлектер мерекелік іс-шараларды ұйымдастыру кезінде қауіпсіздік талаптарын қатаң сақтауы қажет, деп хабарланды елорда әкімдігінің ресми сайтында.

«Түлектердің өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында мектеп бітіру кештерін мейрамханаларда, дәмханаларда, банкет залдарында, демалыс базаларында және табиғат аясында өткізуге, автокортеж ұйымдастыруға, таңды қарсы алу шараларын өткізуге, сондай-ақ қатысушылардың қауіпсіздігіне қауіп төндіруі мүмкін өзге де іс-шараларды ұйымдастыруға жол берілмейді. Сонымен қатар аттестат тапсыру рәсімін ұйымдастыру мен өткізу кезінде ата-аналарға, заңды өкілдерге немесе оқушыларға ақша, сыйлық, түрлі жарналар мен өзге де материалдық заттар жинауға қатаң тыйым салынатыны ескертіледі» делінген хабарламада.

ФУТБОЛДАН ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫ БАСТАЛДЫ

Бүгін түнде футболдан XXIII әлем чемпионаты басталды. Турнир алғаш рет үш елде – АҚШ, Канада және Мексикада қатар өтеді.



Әлем чемпионатына алғаш рет 48 команда қатысады. Топтық кезеңде командалар 12 топқа бөлінген. Әр топтан үздік екі команда 1/16 кезеңге өтеді. Үшінші орын алған үздік көрсеткіштерге ие сегіз команда да плей-офф кезеңіне өтеді. Бұрынғы Кеңес одағы елдерінен Өзбекстан құрамасы ғана әлем біріншілігінде бақ сынауға мүмкіндік алды.

Әлем чемпионатының матчтары Qazaqstan және Qazsport телеарналарында тікелей эфирде көрсетіледі.



13-14/06 АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖӘРМЕҢКЕСІ



Жәрмеңкеде көкөністер мен жеміс-жидектерді, ет өнімдерін, ұн және сүт өнімдерін, наубайхана тауарларын тиімді бағада сатып ала аласыздар. Жәрмеңке сағат 10:00-ден 19:00-ге дейін өтеді. Өтетін орны: «Keryen Joly» сауда орталығы, Алаш тасжолы, 35Б.

№68 (4966) 11/06/2026 Бейсенбі

САН ҚЫРЛЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ТЕРЕҢДЕЙДІ


Мемлекет басшысы АҚШ Президентінің Оңтүстік және Орталық Азия бойынша арнайы өкілі Серджио Горды қабылдады. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев қазақ-америка ынтымақтастығының жоғары деңгейін атап өтіп, Америка Құрама Штаттарымен кеңейтілген стратегиялық серіктестікті одан әрі нығайтуға бейіл екенін растады.



«Біз өзекті мәселелерді кеңінен талқылауға мүмкіндік туғанын оң бағалаймыз. Әсіресе, аса маңызды минералдар бойынша С5+1 диалогына қатысуыңызды құптаймыз. Бұл Құрама Штаттардың Қазақстанмен және бүкіл Орталық Азиямен ынтымақтастыққа стратегиялық тұрғыдан мән беретінін көрсетеді. Сондай-ақ Сіздің екіжақты байланыстарды дамытуға қосқан үлесіңізді атап өткім келеді. Қазақстан Америка Құрама Штаттарымен кеңейтілген стратегиялық серіктестікті одан әрі арттыруға мүдделі. Орайлы сәтті пайдалана отырып, Сіз арқылы АҚШ Президенті Дональд Трампқа ыстық ықыласым мен ізгі тілегімді жолдаймын. Жыл соңына қарай біз кездесеміз деп ойлаймын. Сонымен бірге Майамиде өтетін G20 саммитіне қатысуға шақырғаны үшін ризашылығымды білдіремін» деді Мемлекет басшысы.

Серджио Гор Қасым-Жомарт Тоқаевқа кездесу үшін алғыс айтып, Президент Дональд Трамптың сәлемін жеткізді. «Сіздің Ақ үйде досыңыз бар деп сеніммен айта аламын. Президент Трамп қызметіңізді айрықша бағалайды. Біз елдеріміздің мүддесі үшін өзара тиімді шешімдер іздеуге ұмтылamыз. Мұны АҚШ пен аймақ елдері арасындағы қарым-қатынастың қарқыны дәлелдейді. Кейінгі жылдың өзінде 20 миллиард доллардан аса сомаға келісім жасалды. Бұл әлі бастауы ғана екеніне сенімдімін. Сіздің жыл соңында өтетін G20 саммитіне қатысатыныңызға өте қуаныштымыз» деді Арнайы өкіл.

Қасым-Жомарт Тоқаев пен Серджио Гор бірлескен сауда-экономикалық және инвестициялық жобаларды жүзеге асыру, сондай-ақ аса маңызды минералдар, көлік-логистика, цифрландыру мен басқа да басым салалардағы ықпалдастық перспективасын талқылады. Қазақстан тең құрылтайшыларының бірі болған Бейбітшілік кеңесінің қызметіне ерекше назар аударылды. Мемлекет басшысының мәлімдеуінше, еліміз халықаралық тұрақтылық пен гуманитарлық бастамаларды ілгерілету ісіне үлес қосуға дайын. Сондай-ақ өңірлік және жаһандық күн тәртібіндегі өзекті мәселелер жөнінде пікір алмасу өтті. Кездесу соңында Президент пен Арнайы өкіл сан қырлы қазақ-америка ынтымақтастығын тереңдетуге өзара мүдделі екенін қуаттады.



ЖЕДЕЛХАТ ЖОЛДАДЫ

Мемлекет басшысы Португалия Президентіне құттықтау жеделхатын жолдады. Қасым-Жомарт Тоқаев Антониу Жозе Мартинш Сегуру мен оның отандастарын осы елдің ұлттық мерекесі – Португалия күнімен құттықтады.

Президент айтулы мейрам қарсаңында Португалияның 2027-2028 жылдары БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің тұрақты емес мүшесі болып сайлануын аталған елдің жаһандық бейбітшілік және қауіпсіздікті нығайту жолындағы маңызды рөліне көрсетілген зор құрмет пен жоғары халықаралық сенімінің көрінісі деп атап өткен. Мемлекет басшысы сан қырлы байланыс халықтарымыздың игілігі үшін беки түсетініне сенім білдірді. Қасым-Жомарт Тоқаев Португалия Президентінің жауапты қызметіне толайым табыс, ал халқына өркендеу мен құт-береке тіледі.

ТӨРТІНШІ СТАНЦИЯ ҚАШАН САЛЫНАДЫ?

Премьер-министрдің бірінші орынбасары Нұрлыбек Нәлібаев мемлекеттік органдардың, елорда әкімдігінің және «Elorda Aqua» ШЖҚ-дағы МКК өкілдерінің қатысуымен Қ.И.Сәтбаев атындағы каналдан Астана қаласына дейін №4 сорғы-сүзу стансасының құрылысымен су құбырын салу жобасын жүзеге асыру мәселелері бойынша кеңес өткізді.

Жиын барысында жұмыстың қазіргі жай-күйі қаралды. Жобаны жүзеге асыруды жеделдету және белгіленген мерзімде құрылыс-монтаждау жұмыстарын бастау бойынша іс-шаралар талқыланды.

Жоба елорданың ұзақмерзімді су қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін стратегиялық маңызға ие. Ол 203 шақырым су құбырын, үш сорғы станциясын және тәулігіне 210 мың текше метр су өндіретін №4 сорғы-сүзу станциясын салуды көздейді. Құрылысты аяқтау 2028 жылға жоспарланған. Жобаны жүзеге асыру халық санының өсуін және су тұтынудың артуын ескере отырып, Астананы тұрақты сумен қамтамасыз етуге, қаланы сумен жабдықтаудың екінші көзін қалыптастыруға мүмкіндік беретіні атап өтілді.

Кеңес қорытындысы бойынша Нұрлыбек Нәлібаев мүдделі мемлекеттік органдарға жобаны уақтылы жүзеге асыру үшін қажетті шешімдердің қабылдануын қамтамасыз етуді және барлық жоспарланған рәсімдерді барынша қысқа мерзімде аяқтауды тапсырды.

ҚАЛДЫҚТАРДЫ БАСҚАРУ ЕРЕЖЕЛЕРІ ЖАҢАРАДЫ

Мәжіліс экология және экономиканың жекелеген салаларын жетілдіру мәселелері туралы заңды екінші оқылымда қабылдады. Парламент депутаттары бастамашы болған заң еліміздің экологиясын одан әрі дамытуға бағытталған. Құжат экологиялық саланы цифрландыру, қалдықтарды басқару жүйесін жетілдіру, көміртекті офсет тетіктерін дамыту, өндірушілердің кеңейтілген міндеттемелері қағидатын іске асыру, сондай-ақ Ұлттық гидрометеорологиялық қызметтің жұмысын жетілдіру шараларын көздейді.

Сондай-ақ заңда мемлекеттік экологиялық сараптама мен қоғамдық тыңдаулар өткізуге қатысты жекелеген нормалар нақтыланады. Теңіздегі барлаудан басқа, инвестициялық жобалар мен көмірсутекті барлау жобалары үшін экологиялық рұқсат пен қорытынды алу мерзімдерін қысқарту көзделген. Көмірсутекті барлау, сондай-ақ газ бен оны қайта өңдеу өнімдерін, мұнай мен мұнай өнімдерін магистральдық құбыр арқылы тасымалдау қызметі I санаттағы объектілерден II санаттағы объектілерге жатқызылған.

Екінші оқылымда депутаттар жер қойнауын пайдаланушыларға жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияны бірлесіп жүргізу үшін учаскелерді қосалқы жалға беру құқығын беретін нормаларды енгізді. Алауларды пайдалану кезінде ең үздік техниканы міндетті қолдану ережесі бекітілді. Париж келісімінің нарықтағы тетіктерін белгілеуге, Ұлттық үлесті орындау мақсатында парник газы шығарындыларын қысқартудың жалпы көлемінен Қазақстан Республикасының үлесін есепке алуға қатысты нормалар енгізілді. Орман кодексіне осы кодекс нормаларының қолданысын парник газдарын сіңіруге бағытталған жобаларды іске асыру жөніндегі қызметке таратуға қатысты түзетулер енгізілді.

Түзетулер арқылы қалдықтарды басқару және қайталама ресурстарды қайта өңдеу жүйесін ұйымдастыру-техникалық және ақпараттық қамтамасыз ету тәртібі, сондай-ақ осы саладағы жарнамалық, білім беру және маркетингтік іс-шараларды қаржыландыру жөніндегі уәкілетті органның өкілеттіктері бекітіледі. Ауылдардың, кенттердің және ауылдық округтердің жергілікті атқарушы органдарына коммуналдық қалдықтарды жинау, сұрыптау және көму орындарын ұйымдастыру құзыреті бекітіледі.

Бұдан бөлек, уәкілетті орган қалдықтарды тұрақты есепке алу нысанын және оны толтыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту жөніндегі өкілеттіктерге ие болады.

ТУРИСТІК ӘЛЕУЕТІ ТАНЫСТЫРЫЛДЫ

Мәскеудегі «Safmar Grand» қонақ үйінде Астананың туристік әлеуетінің тұсаукесері өтті. Іс-шараны Қазақстанның Ресейдегі Елшілігінің қолдауымен «Astana Tourism» туризмді дамыту орталығы ұйымдастырды және ол бұған дейін Омбыда, Новосибирскіде және Екатеринбургта өткізілген көшпелі роуд-шоу сериялarының жалғасы болды.



Қазақстанның Ресейдегі Елшісі Дәурен Абаевтың қатысушыларға арналған құттықтау сөзінде айтылғандай, Мәскеумен өзара іс-қимыл Астананың халықаралық ынтымақтастығында ерекше орын алады. «Біз екіжақты туристік ағындарды одан әрі дамытудың айтарлықтай әлеуетін көріп отырмыз. Мәскеуліктер өздері үшін ерекше сәулеті, әлемдік маңызы бар ауқымды іс-шаралары, гастрономиялық әсерлері және заманауи қоғамдық кеңістіктері бар бүгінгі Астананы жаңа қырынан ашуда. Елордалар арасындағы серіктестік туристік алмасудың өсуіне, іскерлік байланыстардың дамуына және мәдени диалогтың кеңеюіне ықпал ете отырып, одан әрі нығая беретініне сенімдіміз» делінген құттықтауда.

Өз тарапынан Мәскеу қаласы Туризм комитеті құрылымындағы Азия, ТМД және Латын Америкасы елдерімен жұмыс жөніндегі дирекцияның басшысы Мария Пасугинова саяси ғана емес, сондай-ақ мәдени және туристік астаналар болып табылатын екі қаланың ұқсастығына назар аударды. «Мәскеу мен Астана бір-бірі үшін өте түсінікті әрі концептуалды туристік дестинация болып табылады. Өткен жылы Қазақстаннан Мәскеуге туристер ағыны шамамен 195 мың адамды құрады – бұл аз көрсеткіш емес, дегенмен, ұмтылатын мақсаттар мен өсетін бағыттар әлі де жеткілікті» деп атап өтті ол және қазақстандық әріптестеріне барынша жәрдемдесуге уәде берді. Оның айтуынша, ағымдағы жылдың күзінде жеке байланыс орнату үшін Мәскеу туризм комитетінің делегациясы мен жетекші туроператорлардың Астанаға сапары жоспарланып отыр.

«Astana Tourism» туризмді дамыту орталығы Басқарма төрағасының орынбасары Саят Құсайынов Ресей Астана үшін оқиғалық туризмнің негізгі нарығы болып қала беретінін еске салды, ресейліктер барлық шетелдік қонақтардың шамамен 39%-ын құрайды. Оның айтуынша, бүгінде Астана Орталық Азияның қарқынды дамып келе жатқан қалаларының бірі болып табылады және туристерді қабылдау үшін барлық қажетті инфрақұрылымға ие. Ол Қазақстан елордасының ірі халықаралық ауқымды іс-шараларды өткізу алаңына жүйелі түрде айналып келе жатқанын атап өтті.

Роуд-шоу аясында қазақстандық туроператорлардың, қонақүй бизнесінің, әуе компанияларының өкілдері ресейліктер үшін Астанадағы негізгі өнімдер мен бағыттарды таныстырды, олар: іскерлік, медициналық, өнеркәсіптік, мәдени-сауықтыру, гастрономиялық, оқиғалық және этнотуризм. Ресей туристік қоғамдастығының өкілдерімен B2B-кездесулер барысында одан әрі ынтымақтастық және бірлескен жобаларды іске асыру перспективалары талқыланды.

№68 (4966) 11/06/2026 Бейсенбі



ЕЛ МЕРЕЙІ – ЕЛОРДА

1998 жылы 10 маусымда ресми түрде Астана қаласының халықаралық тұсаукесері өтті. Әлем елдеріне Тәуелсіз Қазақстанның жаңа астанасы таныстырылды. Содан бері күн санап дамыған астана елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының, саяси тұрақтылығы мен стратегиялық болашағының символына айналды. Әлемдік тәжірибеде қысқа мерзім ішінде мұндай қарқынды өскен қалалар көп емес. Сондықтан халықаралық сарапшылар Астананы тәуелсіз Қазақстанның ең сәтті стратегиялық жобаларының қатарына қосады.

Астана қаласы әкімдігінің мәліметінше, әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштер бойынша тұрақты өсім байқалады. Биылғы төрт айда негізгі капиталға салынған инвестиция көлемі 588 миллиард теңгеге жетіп, өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 9,1 пайызға артқан. Инвестициялар негізінен өңдеу өнеркәсібі, білім, медицина, көлік, сауда және логистика салаларына бағытталған.

Қалада әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылым да қатар дамып жатыр. Соңғы жылдары 44 мектеп салынса, жаңа оқу жылында тағы 12 білім беру мекемесін ашу жоспарланған. Екі оқушылар сарайы мен алты балабақша пайдалануға беріледі. Денсаулық сақтау саласында екі перинаталдық орталықтың, көпбейінді аурухана мен диагностикалық кешеннің құрылысы жалғасып жатыр.

2026 жылы 173 аула мен қоғамдық кеңістікті абаттандыру, 1,1 миллион түп жасыл желек егу көзделген.

Халық санының тұрақты өсуіне байланысты қаладағы көлік қозғалысының жүктемесі де артып келеді. Осындай жағдайда LRT жүйесінің іске қосылуы жол кептелісін азайтып, тұрғындардың уақытын үнемдеуге мүмкіндік берді. Әсіресе, әуежай, теміржол вокзалы және әкімшілік орталықтарды байланыстыруы қала логистикасының тиімділігін арттырмақ.

Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек жобаның халық арасында үлкен сұранысқа ие болғанын атап өтті.

Айтуынша, LRT ашылған сәттен бастап екі апта ішінде жолаушылар ағыны 1 млн адамға жетті. Күн сайын жолаушылар саны шамамен 65-75 мың адамды құрайды.

– Бұл көрсеткіш қалалық рельсті көліктің жаңа түрі елорда тұрғындары мен қонақтары арасында сұранысқа ие екенін көрсетеді. LRT-ны белсенді пайдаланып, жаңа көлік жүйесіне сенім артқаны әрі инфрақұрылымға жауапкершілікпен қарағаны үшін жолаушыларға алғысымды білдіремін, – деді Жеңіс Қасымбек.

Жоба іске қосылғалы Қабанбай батыр даңғылындағы көлік ағыны 12 пайызға дейін азайған. Бұл жаңа көлік жүйесінің тиімділігін көрсететін нақты нәтижелердің бірі ретінде бағаланып отыр.

Мамандар LRT-нің басты артықшылықтарының бірі – оның экологиялық тиімділігі екенін айтады. Электр қуатымен жүретін пойыздар ауаға зиянды қалдық шығармайды. Бұл экологиялық мәдениетті қалыптастырып, жасыл технологияларды дамытуға жол ашады.

Алдағы уақытта LRT желісін Қосшы бағытына дейін ұзарту, сондай-ақ Сығанақ, Айтматов көшелері мен ескі вокзалға дейін жалғастыру жоспарланған. Үш кезең толық жүзеге асқанда жүйенің жалпы ұзындығы 100 шақырымға жетеді. Еске сала кетерлігі, LRT желісін астаналық ағайын Тарлан деп атауды ұсынды. Бұл көпшіліктің қолдауына ие болды.

Ұлттың ұясына айналған Астана әлі де әлемді таңқалдыра береді.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ МӘСЕЛЕЛЕРІ ТАЛҚЫЛАНДЫ



Астана қаласындағы Достық үйінің мәжіліс залында Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Астана қаласы бойынша департаменті ұйымдастырған «Мемлекеттік қызмет: ашықтық, тиімділік және сенім» атты конференция өтті.

Конференция мемлекеттік қызмет саласындағы тәжірибе алмасуға, кәсіби құндылықтарды дәріптеуге және жастардың мемлекеттік қызметке деген қызығушылығын арттыруға бағытталған мазмұнды іс-шара болды.

Іс-шараны ашқан ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Астана қаласы бойынша департаментінің басшысы Ербол Жолданғар мемлекеттік қызметтің басты қағидаттары адалдық, жауапкершілік, кәсібилік және халыққа қалтқысыз қызмет ету екенін атап өтті. Ол Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет саласындағы заңнамалары мен Әдеп кодексіне сәйкес әрбір мемлекеттік қызметші өз жұмысын жоғары жауапкершілікпен атқарып, қоғам сенімін ақтауы, өз мамандығын құрметтеп, қызметін шынайы сүйіспеншілікпен атқаруы қажеттігін айтты.

Мемлекеттік қызмет саласының ардагері, С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университетінің Антикоррупциялық комплаенс қызметінің жетекшісі, департамент жанындағы «Тәлімгерлер кеңесі» консультативтік-кеңесші органының мүшесі Қайыржан Тоқышев «Мемлекеттік қызметтегі тәжірибе және кәсіби құндылықтар» тақырыбында баяндама жасап, тіл мәдениетінің маңыздылығына ерекше тоқталды.

Астана қаласы әкімдігінің Әдеп жөніндегі уәкілі Амантай Ғалымжан «Мемлекеттік қызмет – сенім және жауапкершілік алаңы» тақырыбында баяндама жасап, мемлекеттік қызметшінің қоғам алдындағы жауапкершілігі мен әдеп нормаларын сақтаудың маңыздылығын айтты. Ол мемлекеттік қызметші әрдайым кәсіби біліктілікпен қатар, жоғары мәдениет пен адамгершілік қасиеттерді бойына сіңіріп, халықпен қарым-қатынаста сыпайылық пен парасаттылық танытуы қажет екенін атап өтті.

Ұлжалғас ӘБДІҚАДЫР,
Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің студенті

ҚҰРЫЛЫС КӨЛЕМІНЕН КӨШ БАСТАДЫ

Астана қаласы мәслихатында Бас жоспар мен егжей-тегжейлі жоспарлау жоспарын сақтау, нүктелік құрылыс мәселелері жөнінде көпшілік тыңдаулар өтті. Отырыста баяндама жасаған қалалық Сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасының басшысы Алтынбек Ахметов Үкімет басшысының тапсырмасымен қазір елорданың Бас жоспарына түзету енгізу құжаты әзірленіп жатқанын жеткізді.

Аманғали ҚАЛЖАНОВ

Оның айтуынша, қаланың бас құжатына қатысты осы уақытқа дейін біршама іс атқарылды. Атап айтқанда, оны талқылау бойынша бірнеше отырыс өткізіліп, ведомстволық емес мемлекеттік сараптаманың қорытындысы алынды. Бұл құжат Үкіметтің порталына жүктелді. Бас жоспар Үкіметтің қаулысымен бекітіледі.

Ал нүктелік құрылыс мәселелеріне келгенде, тұрғындардың пікірлері ескеріліп, балабақшалар, мектептер, денсаулық сақтау нысандары, скверлер салынатын аймақтар белгіленді.

Мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау басқармасының басшысы Ғани Тәжиев Астана құрылыс көлемі бойынша көш бастаушы болып келе жатқанын айта келе, соның ішінде бас қалада, әсіресе тұрғын үй құрылысы қарқынды екенін жеткізді.

«Қазіргі таңда елордада 1542 құрылыс нысаны салынып жатыр. Соның 434-і – көппәтерлі тұрғын үй кешендері. Құрылыс қарқыны жыл сайын артып келеді. Биыл 4,8 млн шаршы метрді іске қосу жоспарланды. Қазірге дейін 1,5 млн шаршы метрі пайдалануға берілді. Бұл көрсеткіштер елорданың тұрақты дамуынан, инвестициялық белсенділіктің артуынан, қалалық ортаның жақсарғанынан хабар береді. Құрылыс қарқынының артуы халықтың заманға сай жайлы баспана қажеттілігін өтеп қана қоймай, елорданың заманауи жолмен қарқынды дамып жатқан мегаполис ретіндегі орнын нығайтып тұр» деді Ғани Тәжиев.

Оның сөзінше, осы жылдың басынан құрылыс саласындағы заңнаманың сақталуын қадағалау күшейді. Соның ішінде заңды және жеке тұлғаларға қатысты 228 жоспардан тыс тексеру жүргізілді. Анықталған бұзушылықтар бойынша 122 хаттама берілді. 164 млн теңгеден астам сомаға 501 әкімшілік айыппұл салынды. Рұқсатсыз құрылыс жұмыстарына ерекше көңіл бөлініп келе жатыр. Мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау басқармасының басшысы осыған байланысты жүргізіліп жатқан жұмыстарға тоқталды.

ҚАЙҒЫЛЫ ЖАҒДАЙ ҚАЙТАЛАНБАСЫН ДЕСЕК...

Жазғы демалыс басталғалы бері Астанада балалардың көпқабатты тұрғын үйлердің терезелерінен құлау оқиғалары жиілеп отыр. Ресми мәліметке сәйкес, 25 мамырдан бері 11 жағдай тіркелген. Ал жыл басынан бері мұндай оқиғалардың саны 21-ге жетіп, төрт бала көз жұмды.

Гүлмира АЙМАҒАНБЕТ

Мамандардың айтуынша, балалардың терезеден құлауы көбіне ата-аналардың балаларды қараусыз қалдыруы, москит торларына сенуі және терезелерде қауіпсіздік құралдарының болмауы салдарынан орын алады. Әсіресе жаз мезгілінде тұрғындардың терезелерді жиі ашуы қауіптің артуына әсер етіп отыр.

Статистика да мәселенің өзектілігін көрсетеді. 2025 жылы елордада балалардың терезеден құлауының 58 дерегі тіркеліп, салдарынан 14 бала қайтыс болған.


Осыған байланысты Астана қаласының Төтенше жағдайлар департаменті ауқымды профилактикалық акция ұйымдастырды. Іс-шара барысында 300-ге жуық пәтерге арнайы терезе блокираторлары орнатылды. Бұл құрылғылар балалардың терезені өз бетінше ашуына жол бермей, жазатайым оқиғалардың алдын алуға мүмкіндік береді.

«Құрылғылар жазатайым оқиғалардың алдын алуға бағытталған. Бұған дейін елорданың әр ауданында орналасқан 743 пәтерге осындай қауіпсіздік бекіткішін тегін орнатқанбыз. Әрбір ата-ананың басты міндеті – баланың қауіпсіздігі. Бір сәттік салғырттық орны толмас қайғыға әкелуі мүмкін. Сондықтан әрбір үйдің терезесінде міндетті түрде қорғаныс құралдарының болғаны абзал» дейді Астана қаласы Төтенше жағдайлар департаменті бастығының орынбасары Әрлен Бүркітбай.

Акцияға қатысқан елорда тұрғыны Мансия Мақаева мұндай бастаманы қолдайтынын әрі немерелері үшін барлық бөлмеге қауіпсіздік бекітпесін орнатып берген құтқарушыларға алғысын білдірді.

«Өздеріңіз көріп тұрғандай, 15-қабатта тұрамын. Екі немерем бар. Балалардың қауіпсіздігі бәрінен маңызды. Мұндай шаралар қайғылы жағдайлардың алдын алуға көмектеседі деп сенемін» дейді ол.

Акция соңында төтенше жағдай қызметкерлері ата-аналарға арнайы үндеу жасап, балаларды үйде қараусыз қалдырмауға, терезе маңына жиһаз қоймауға және москит торларын қорғаныс құралы ретінде қабылдамауға шақырды. Себебі бір ғана қауіпсіздік құралы немесе бір сәттік қырағылық баланың өмірін сақтап қалуы мүмкін.



№68 (4966) 11/06/2026 Бейсенбі

«ЖОЛДАҒЫ БАЛАЛАР» БІЛУІ КЕРЕК



Жазғы каникул басталып, балалардың үйден тыс жердегі, жолдағы қауіпсіздігіне ерекше назар аударылуда. Осы ретте елорда полициясы «Жолдағы балалар» республикалық жедел-профилактикалық іс-шарасын өткізді. Астана қаласы Полиция департаменті Әкімшілік полиция басқармасының үгіт-насихат тобының инспекторы, полиция аға лейтенанты Әділбай Мұратбек Айтмұратұлының айтуынша, іс-шара негізгі мақсаты – балалардың қатысуымен болатын жол-көлік оқиғаларының алдын алу және олардың жолдағы қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

Іс-шара 2026 жылдың 3-7 маусым аралығында өткізілді. Осы бес күн ішінде полиция қызметкерлері күшейтілген режимде қызмет атқарып, балалар көп шоғырланатын орындарда, көшелерде және қоғамдық аумақтарда профилактикалық шараларды жүзеге асырды. Соның барысында жалпы 6 432 жол қозғалысы ережесін бұзу фактісі анықталды. Оның ішінде жаяу жүргіншілер тарапынан 767 белгіленбеген жерден жолды кесіп өту дерегі тіркелді. Сондай-ақ 47 жағдайда азаматтар велосипед және самокатпен жаяу жүргіншілер өткелінен түспей өтіп кеткен.

– Биылғы іс-шара бұрынғы жылдармен салыстырғанда кешенді және ауқымды форматта ұйымдастырылды. Тек рейдпен шектелмей, ақпараттық-түсіндіру жұмыстарына ерекше басымдық берілді. Арнайы дайындалған анимациялық және әлеуметтік бейнероликтер қала бойынша LED экрандарда, қоғамдық көліктерде, сауда орталықтарында, кинотеатрларда, лифтілерде және әлеуметтік желілерде кеңінен көрсетілді. Сонымен қатар ата-аналар мен балаларға арналған жадынамалар таратылып, жол қауіпсіздігі тақырыбында түсіндіру жұмыстары күшейтілді. Электросамокаттар мен велосипедтерді пайдалану мәселесіне ерекше назар аударылып, кикшеринг компанияларымен бірлескен жұмыс жүргізілді, – дейді Әділбай Мұратбек.

> Іс-шара аясында мектеп жанындағы және сауықтыру лагерьлерінде кәмелетке толмағандармен профилактикалық кездесулер өткізіліп, жол қозғалысы ережелері, жолды қауіпсіз кесіп өту тәртібі, велосипедтер мен электр самокаттарын пайдалану кезіндегі қауіпсіздік талаптары түсіндірілді

Іс-шара аясында мектеп жанындағы және сауықтыру лагерьлерінде кәмелетке толмағандармен профилактикалық кездесулер өткізіліп, жол қозғалысы ережелері, жолды қауіпсіз кесіп өту тәртібі, велосипедтер мен электр самокаттарын пайдалану кезіндегі қауіпсіздік талаптары түсіндірілді.

– Балалардың жолдағы қауіпсіздігі тек полицияның емес, ең алдымен отбасының бақылауында болатыны ерекше атап өтілді. Сонымен қатар профилактикалық кездесулер барысында нақты мысалдар келтіріліп, жолдағы қауіптің салдары түсіндірілді. Бұл іс-шаралар балалардың жол қауіпсіздігіне деген қызығушылығын арттырды. Негізгі мақсат – жазалау емес, ең алдымен, жол-көлік оқиғаларының алдын алу және балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, – дейді Әділбай Айтмұратұлы.

Оның айтуынша, балалар арасында ең жиі кездесетін қателіктердің бірі – жолды белгіленбеген жерден кесіп өту. Сонымен қатар велосипед пен самокатты басқару кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтамау, жаяу жүргіншілер өткелінде түсіп жүрмеу және бағдаршам сигналдарын елемеу жағдайлары жиі кездеседі. Кейбір балалар жүргізушілерге аяқ астынан күтпеген жағдай туындатады. Жаяу жүргінші ретінде балалардың жиі бұзатын ережесі – арнайы белгіленген жаяу жүргіншілер өткелін пайдаланбау. Кей жағдайларда олар жолдың қауіпсіз екеніне көз жеткізбей, көлік қозғалысы бар жолға кенеттен шығып кетеді. Мұндай әрекеттер қайғылы жағдайларға әкелуі мүмкін болғандықтан, бұл бағытта түсіндіру жұмыстары үздіксіз жүргізілуде. Қазіргі таңда ең өзекті мәселелердің бірі – электросамокаттар мен велосипедтерді дұрыс пайдаланбау. Кейбір балалар жол қозғалысы ережелерін толық сақтамай, өздеріне және басқа қатысушыларға қауіп төндіреді. Сонымен қатар веложол инфрақұрылымының жеткіліксіздігі және жол мәдениетінің толық қалыптаспауы да – өзекті мәселелер қатарында. Құқық бұзушылықтар көбіне халық тығыз орналасқан тұрғын үй массивтерінде, мектептер мен балабақшалар маңында, саябақтарда, сквелерде және балалар ойын алаңдарында жиі тіркеледі. Осыған байланысты патрульдік полицияның қосымша нарядтары дәл осы аймақтарға бағытталып, бақылау күшейтілді.

– Балалар көп шоғырланатын орындар, мектеп маңы, тұрғын үй аулалары, демалыс аймақтары және жаяу жүргіншілер өткелдері тұрақты бақылауға алынды. Инфрақұрылымды дамыту, веложолдар мен самокаттарға арналған арнайы аймақтарды ұйымдастыру бағытында да жұмыстар жүргізілуде. Баланы көшеде жалғыз қалдырмау, әсіресе кішкентай балаларға ерекше бақылау жасау маңызды. Сондай-ақ ата-аналар балалардың қауіпсіз киім, жарық шағылыстыратын элементтер қолдануына көңіл бөлуі керек, – дейді спикер.

Іс-шара барысында «Велосипед – қауіпсіз көлік!» байқауы өткізілді, марш-шеру ұйымдастырылып, балаларға сыйлықтар мен жарық шағылыстыратын арнайы белгілер таратылды.

Қоғам тыныштығы мен азаматтардың қауіпсіздігі сынға түсетін сәттерде алдыңғы шептен табылатын мамандар бар. Олар күнделікті қызметін ерлік деп санамайды, бірақ олардың әрбір әрекеті елдің тыныштығы мен тұрақтылығын қамтамасыз етуге бағытталған. Сондай офицерлердің бірі – Астана қаласы Полиция департаментінің Жылдам қимылдайтын арнайы жасағының аға инспекторы Ерлан Базарбаев.

ҚАУІПСІЗДІК ҚАЛҚАНЫНДАҒЫ ҚАЙСАР ПОЛИЦЕЙ



Оның өмір жолы – Отанға адал қызмет етудің, кәсіби шеберліктің және ерік-жігердің жарқын үлгісі. 2008 жылдан бері ішкі істер органдарында қызмет атқарып келе жатқан Ерлан Ермағанбетұлы бүгінде арнайы бөлімшенің тәжірибелі әрі беделді офицерлерінің қатарына жатады. Қауіп-қатер мен жауапкершілік қатар жүретін салада қызмет ету үшін тек білім мен дайындық жеткіліксіз. Бұл жол батылдықты, рух мықтылығын және антқа адалдықты талап етеді. Осы қасиеттердің барлығы майор Базарбаевтың болмысынан айқын көрінеді.

Қызмет барысында ол қоғамдық тәртіпті сақтау, күрделі жедел-қызметтік міндеттерді орындауда жоғары кәсібилігін дәлелдеп келеді. Әріптестері оны кез келген жағдайда сабыр сақтай білетін, шешімді тез қабылдайтын және тапсырманы мінсіз орындайтын офицер ретінде сипаттайды. Алайда Ерлан Ермағанбетұлының тұлғасын тек қызметтік жетістіктермен ғана өлшеу аздық етеді. Оның өміріндегі тағы бір маңызды бағыт – спорт.

Ол – Қазақстан Республикасының APS практикалық атудан чемпионы, практикалық ату спортынан спорт шебері. Бұл жетістік кездейсоқ келген нәтиже емес. Ол – мыңдаған сағаттық жаттығудың, темірдей тәртіптің және үздіксіз еңбектің жемісі. Сонымен қатар кикбоксингтен спорт шеберіне үміткер, ал филиппиндік Sandata Kamao – жауынгерлік пышақ ұрысы жүйесі бойынша жасыл белбеу иегері. Мұндай жетістіктер – оның физикалық дайындығының ғана емес, тактикалық ойлау қабілетінің, төзімділігі мен рухани беріктігінің көрсеткіші.

– Тәртіп сақшысы үшін жеңіс – медаль немесе атақ қана емес. Басты жеңіс – күн сайын өзіңді шыңдау, кеше қол жеткізген нәтижеден биік мақсат қою және қандай жағдайда да берілмеу. Бойымда бір ізгі қасиеттер болса, соның бәрі – отбасымдағы тәрбиенің арқасы, – дейді өзі.

Расымен Базарбаевтар әулеті – бірнеше буын бойы ел қауіпсіздігіне қызмет етіп келе жатқан құқық қорғаушылар мен әскери қызметкерлер династиясы. Әкесі – Қазақстан полициясының ардагері. Саналы ғұмырын құқық қорғау саласына арнап, көптеген жас мамандарға үлгі болған азамат. Ал атасы – Ұлы Отан соғысының ардагері. Майдан даласында ерлік көрсетіп, бейбіт өмірде де тәртіп сақшысы ретінде халыққа қызмет еткен тұлға. Бір әулеттің үш буыны Отан қорғау жолын таңдауы – кездейсоқтық емес. Бұл – ұрпақтан ұрпаққа жалғасқан жауапкершілік, патриотизм және елге қызмет ету дәстүрі.

Бүгінде ол өз тәжірибесімен жас қызметкерлерге бағыт-бағдар беріп, кәсіби мәдениеттің қалыптасуына үлес қосып келеді. Оның өмірлік қағидасы қарапайым: «Елге адал қызмет ету – ең үлкен мәртебе». Полицей – қызметті мамандық емес, миссия деп қабылдаған офицер. Ол – ел тыныштығы жолында антқа адал қызмет етіп жүрген нағыз тәртіп сақшысы.

Дайындаған **Райхан РАХМЕТОВА**

ЗАҢГЕР БОЛҒЫМ КЕЛЕДІ

Мен биыл 11-сыныпты тәмамдадым. Болашақта заңгер болуды арман-даймын. Бұл арманымның қалыптасуына бала кезімнен құқық пен әділ-дікке деген қызығушылығым себеп болды. Қоғамдағы түрлі мәселелердің түп-төркіні заңмен байланысты екенін түсінген сайын осы саланы терең меңгеруге ұмтылдым. Сондықтан жоғары оқу орнында заң мамандығын оқып, болашақта «Әділетті Қазақстанды» құру жолында еліме заңдық тұрғыдан қызмет еткім келеді.

Қазір Қазақстанда сапалы білім алуға барлық жағдай жасалған. Жастардың шетелде білім алуына да мүмкіндік бар. Сонымен қатар, балалардың құқықтары жоғары деңгейде қорғалған. Мен елімнің осындай жетістіктерін мақтан тұтамын. Дегенмен, мен шетелде білім алғаннан гөрі, өз Отанымда оқып, еліміздің заң саласын терең меңгеріп, өзім білім алған жоғары оқу орнының білікті әрі абыройлы түлегі болуды қалаймын. Болашақта алған білімімді туған елімнің дамуына арнап, халқымның игілігіне қызмет етуді мақсат етемін.

Биыл еліміздің саяси өмірінде аса маңызды оқиға болды. Жалпыхалықтық референдум өтіп, халықтың қолдауымен жаңа Конституция қабылданды. Бұл еліміздің құқықтық және саяси дамуына тың серпін беретін маңызды қадам деп ойлаймын. Реформалардың негізі Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына арнаған Жолдауында қаланды. Президент өз Жолдауында елдің саяси жүйесін жаңғырту, мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттыру және азаматтардың құқықтарын қорғауды күшейту қажеттігін атап өткен болатын.

Жаңа Конституцияны бірнеше рет оқып шықтым. Өйткені бұл құжат әрбір азаматтың құқығы мен міндетін айқындайды. Біздің болашағымыздың қандай болатыны да осы Ата заңмен тығыз байланысты деп есептеймін.

Жаңа Конституциядағы маңызды өзгерістердің бірі – адам құқықтарын қорғау тетіктерінің күшейтілуі. Адамның қадір-қасиеті, бостандығы мен заң алдындағы теңдігі басты құндылық ретінде айқындалды. Бұл мемлекет үшін де, қоғам үшін де өте маңызды қадам деп санаймын. Себебі заң үстемдік құрған жерде әділдік болады, ал әділдік бар жерде даму болады. Сондай-ақ жаңа реформалар азаматтардың мемлекет ісіне белсенді араласуына мүмкіндік беріп отыр. Бұл әр адамның ел тағдырына жауапкершілікпен қарауына жол ашады. Меніңше, еліміздің болашағы – заңды құрметтейтін, өз құқығы мен міндетін білетін жастардың қолында.

Жаңа Конституциядағы қағидаттардың өмірмен тығыз байланысын «Таза Қазақстан» бастамасынан да көруге болады. Сарапшылар бұл құндылықтардың Ата заң талаптарымен толық үндесетінін айтып жүр. Конституцияның 3-бабында жауапты әрі жасампаз отаншылдық мемлекеттің қызметінің негізін құрайтын қағидаттардың бірі ретінде белгіленген. Менің ойымша, отаншылдық тек мемлекеттік рәміздерді құрметтеумен немесе ел тарихын білумен ғана шектелмейді. Ол өзің тұратын ортаны таза ұстаудан, табиғатты қорғаудан және қоғамдық тәртіпке жауапкершілікпен қараудан басталады.

Мектебімізде сенбіліктер мен экологиялық акцияларға жиі қатысамыз. Кейде достарыммен бірге ауламызды тазалап, қоршаған ортаға ұқыпты қарауға тырысамыз. Осындай қарапайым істердің өзі елге деген жанашырлықтың көрінісі деп есептеймін. Сондықтан «Таза Қазақстан» бастамасы – тек экологиялық жоба ғана емес, жастарды жауапкершілікке, тәртіпке және отансүйгіштікке тәрбиелейтін маңызды қоғамдық құндылық. Болашақ заңгер ретінде мен заңға құрмет пен қоршаған ортаға жанашырлық бір-бірімен тығыз байланысты деп ойлаймын. Өйткені заңды сыйлайтын азамат өз елінің табиғатын да, қоғамдық мүлкін де құрметтей біледі.

Заңгер болу – мен үшін жай ғана мамандық таңдау емес. Бұл – әділдікке қызмет ету, адамдардың құқығын қорғау және еліміздің дамуына үлес қосу деген сөз. Сондықтан алдағы уақытта да білімімді үздіксіз жетілдіріп, болашақта халқымның сеніміне лайық маман болуға талмай талпынамын.

Көпжасар ӘДІЛЕТ

Әр отбасының бақыты – жайлы қоныс. Бәрі үйлі болғысы келеді. Өйткені нарық заманында күні-түні еңбек етіп, баспаналы болу өте маңызды.



Олжас ЖОЛДЫБАЙ

БАСПАНА ҚАНШАЛЫҚТЫ ҚОЛЖЕТІМДІ?

Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің деректеріне сәйкес, 2023 жылы 17,8 млн шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді. 2024 жылы 19,1 млн шаршы метр баспана салынды. 2025 жылы 20,1 млн шаршы метр тұрғын үй іске қосылып, ел тарихындағы жаңа рекордтық межеге тіркелді. Ал биыл жыл соңына дейін 18,5 млн шаршы метр тұрғын үй беру жоспарланып тұр. Демек, үй салу қарқыны жылдан-жылға артып келеді. Әйтсе де, бұл көрсеткіштерге әсте тоқмейілсінуге болмайды.

ТЕҢ МҮМКІНДІКТЕР ҚАЛАСЫ

Астана – елімізде құрылыс қарқыны бойынша алда тұрған шаһар. Халық өңірлерден, алыс-жақын шетелдерден көптеп келіп жатыр. Соның біршамасы тұрақтап қалатыны айқын.

ҰСБ мәліметінше, елордада 2024 жылы алдыңғы жылмен салыстырғанда құрылыс 16%-ға артып, 4,4 млн шаршы метрге жетті. 2025 жылы баспана салу қарқыны өткен жылмен салыстырғанда 8,5%-ға көбейіп, 4,8 млн шаршы метр үй салынған. Биыл да бұл қарқын жалғасын таппақ.

Еуразиялық франчайзинг қауымдастығының президенті, білікті экономист Бекнұр Қисықов баспана мәселесін шешудің тиімді жолдарын ұсынды.

– Мемлекет үй құрылысын қадағалап, тек таза әрі сапалы салынған үйлерге жұрт қоныстанса екен. Кейбір тұрғын үйлерде адамдар тұрмайды. Бәрін бизнес үшін алған. Егер адал бөлінсе, ипотека әлеуметтік бағыт деп танылса, пайыздары оңтайланса, елдегі баспана мәселесі шешілер еді. Ең бірінші кезекте көпбалалы отбасылар оңтайланған, қолжетімді баспанамен қамтылса екен. Алматыдағы үйдің құны шарықтап кеткен. Астанада біршама қолжетімдірек. Елордада құрылыс көп, үй алуға мүмкіндік мол. Дейтұрғанмен барлық жерде қымбатшылық дендеп алды. Ипотека қазір бизнеске жұмыс істеп тұр. Ал шын мәнінде ол халыққа жұмыс жасағаны дұрыс. Баспанаға мұқтаж, үй ала алмай жүрген жастарды ең көп дегенде 7-9% жаңа мемлекеттік бағдарламамен, жеңілдетілген үймен қамту керек. Мемлекет ипотеканы субсидиямен берсе, баспана мәселесі шешілер еді, – деді экономист.

Айта кетейік, елорда елдегі құрылыс қарқыны бойынша көш бастап тұр. Мұнда келушілер қатары жыл санап артып барады. Астанада халық саны едәуір көбейіп, 1,7 миллионға жуықтады. Демек, баспана мәселесі өзекті күйінде қалып отыр дегенді білдіреді.

ҮЙІ ЖОҚТЫҢ – КҮЙІ ЖОҚ

Халық даналығында «Үйі жоқтың – күйі жоқ» деген тәмсіл бар. Тегі рас сөз. Баспанаға мұқтаж, үй кезегінде тұрған азаматтар да баршылық. Ал үй мәселесін жеделтетіп шешу – уақыт талабы.

ӨКМ мәліметінше, Қазақстанда 982705 адам баспанаға мұқтаж. Соның 600 мыңға жуығы әлеуметтік тұрғыдан осал топтарға жатады. Кезектегілердің 310878-і (шамамен 30%-ы) баспана алуға бірінші кезекте құқылы. Олардың қатарына ардагерлер, көпбалалы отбасылар, толық емес отбасылар кіреді. Қазақстанда баспаналы болудың 3 негізгі бағыты бар. Дәлірек айтқанда, мемлекеттік бағдарламалар арқылы, «Отбасы банк» бойынша, екінші деңгейлі банктердің коммерциялық ипотекалары қарастырылған. Әйткенмен, бұл шамамен 1 миллионға жуық адамның мәселесін шешуге қауқарсыз екені байқалады.

META University бизнес мектебінің директоры Мақсат Халықтың пайымдауынша, баспана бағасының шарықтап кетуіне бірнеше фактор бар.

– Біздің көзқарас бойынша елде баспанаға зәру азаматтардың көлемі 2 миллионнан асады. Құрылып жатқан отбасылар, 2000 жылдарда болған бэби-бум бар. Міне, солар тез өсіп-жетілуде. Олар да қазір шаңырақ көтеріп, баспана іздеуде. Осының бәрін қамтамасыз ету үшін әлі де 20 жыл күтуіміз керек. Осыған қарап, бұл салада да өте үлкен реформа болуы керек деп санаймыз. Сол үшін өндіріс қуатымызды арттырмасақ, мәселе шешілмейді. Алматы, Астана, Шымкентте урбанизация өте жоғары. Мегаполистерге көшіп келгісі келетіндер көп. Аталған алып шаһарларда бағалар өсе беретіні сондықтан. Егер 70 пайыз өзіміз отандық өнімдермен құрылысты қамтамасыз ете алсақ, керемет болар еді. Бұл, сөз жоқ, іскерлік белсенділіктің жандануына әсерін тигізеді. Қосымша шағын кәсіпорындар көбейеді, жұмыспен қамту күшейеді. Сонда ғана өзімізде сапалы шыққан өнімдермен салынған, арзанырақ пәтерлерге қол жеткіземіз, – дейді сарапшы.

ҚҰЖАТСЫЗ ҮЙЛЕР АЛАҢДАТАДЫ

Кейінгі кездері көпқабатты тұрғын үйлердің құжатына байланысты проблемалар жиі айтылып келеді. Құрылыс компаниялары үйдің құжатын түгендемей құрылысты бастап кетеді екен. Ал мұның соңы халыққа ауыр болып жатыр. Тіпті 5-6 жыл бойы ресми тіркеуде жоқ тұрғын үйлер бар. Яғни әкімдіктің балансына өтпеген соң, түрлі кедергі туындайтыны анық.

Білікті қаржыгер Мақсат Халықтың айтуынша, үйді салмас бұрын бюрократиялық кедергілерді шешіп, құжатын реттеп алған жөн.

– Мемлекет бірінші кезекте жаңа компаниялардың құрылуына, бәсекенің артуына жағдай жасаса екен. Екіншіден, құрылыс компанияларына о баста тұрғын үй салу мақсатын айқындап, жерді құжат тұрғысынан лайықтап берген дұрыс. Әйтпесе әкімшілік-құжаттық мәселеге құрылыс компаниялары ақша төлеген соң, үй сататын кезде қымбат баға қояды. Үшіншіден, шұңқыр қазудан бастап үй эксплуатацияға берілгенше тағы да бюрократиялық кедергіге ұшырайды. Мемлекеттік органдарға барып дәлелдеп, құжат кедергілерін шешіп жүргенде, үйді уақытында тұрғындарға тапсырып үлгермейді. Ал ол 6 айға созылса, қаншама жұмысшыны еңбекақымен, тамақпен қамтамасыз етіп, уақыттан ұтылып, шығынға батады. Мұның бәрі жиналып келеді де, үй құнының қымбаттауына әсер етеді. Сол үшін де осындай бюрократиялық кедергілерді түп тамырымен жою қажет деп есептеймін, – деп байыптайды қаржыгер.

2023 ЖЫЛЫ 17,8 МЛН ШАРШЫ МЕТР ТҰРҒЫН ҮЙ ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛДІ. 2024 ЖЫЛЫ 19,1 МЛН ШАРШЫ МЕТР БАСПАНА САЛЫНДЫ. 2025 ЖЫЛЫ 20,1 МЛН ШАРШЫ МЕТР ТҰРҒЫН ҮЙ ІСКЕ ҚОСЫЛЫП, ЕЛ ТАРИХЫНДАҒЫ ЖАҢА РЕКОРДТЫҚ МЕЖЕ ТІРКЕЛДІ. АЛ БИЫЛ ЖЫЛ СОҢЫНА ДЕЙІН 18,5 МЛН ШАРШЫ МЕТР ТҰРҒЫН ҮЙ БЕРУ ЖОСПАРЛАНЫП ТҰР

ТАБЫСТЫ РАСТАУ НЕГЕ ҚИЫН?

Көптеген азамат өзінің табысын растауға келгенде түрлі кедергіге тап болатыны жасырын емес. Мемлекеттік бағдарламаға қатысып, белгілі бір санатқа кіріп, өзінің ресми статусын дәлелдеуі қажет. Бұл арада да өзіндік кедергілер жоқ емес-ті.

Қаржыгерлер қауымдастығының дерегінше, Қазақстанда ипотекаға өтінім берген әрбір 100 адамның шамамен 76-сы немесе өтінімдердің 76%-ы банктен бас тарту жауабын алады. Ал табысты ресми түрде растай алмау және төлем қабілетінің жеткіліксіздігі – осы бас тартулардың ең басты себебі. Қазіргі уақытта елімізде ипотекалық өтінімдердің тек 24%-ы ғана мақұлданады. Яғни мұндай цифрлардың артында қаншама баспанаға мұқтаж отбасылардың тағдыры тұр деген сөз. Бұл – ойлантарлық жағдай!

Алмагүл Әбілбек – көпбалалы ана. Ол «Алтын алқа» иегері болса да, тұрақты баспана ала алмай, әуре-сарсаңға түсіп, табысты растауға келгенде көп қиыншылық көргенін айтады.

– Отбасымызда 7 бала бар. Тәубе! «Көпбалалы ана» санатына кіреміз. Үй кезегіне тіркелгелі 10 жылдан асты. Өткенде үй алатын кезегім келіпті. «Отбасы банкке» бардым. Өзім жарық тексеруші болып 220 мың теңге жалақыға жұмыс істеймін. Бірақ табысым өзіме, отбасыма, бала-шағаға шаққанда түкке жарамайды екен. Яғни банк бағдарламасының шарты солай көрінеді. Банк гарант табуға бірнеше уақыт берді. Алайда ешкім сіздің 10-15 жылдық ипотекалық үйіңізге кепіл бола қоймайды. Кепіл болуға тапқан адамдарымның да айлық табысы артылып тұруы керек екен. Сөйтіп, көптен күткен үйден қағылдық. Күйеуім де табыс көзін табу үшін 6-7 ай бұрын Оңтүстік Кореяға жұмысқа аттанған. Біздіңше, мемлекеттік бағдарламаларда табысты растау, кепіл табу сияқты мәселелер оңтайлы шешімін тауып, үйдің бағасын халыққа тиімді етіп, ипотека тым қымбат болмаса деген тілегіміз бар, – дейді көпбалалы ана.

БРОКЕРЛЕРДІҢ ДӘУРЕНІ ЖҮРІП ТҰР

Азаматтар брокерлік компанияларға жүгіне бастады. Өйткені ең басты кедергі – сол баяғы табысты растаудың жыры. Сол себепті де ипотека шартына сәйкес келмей, үй алудың жолын білмеген азаматтар жекелеген брокерлік компанияларға жүгінуге мәжбүр.

Ашық дереккөздерге сүйенсек, Қазақстанда тұрғын үй сатып алу немесе сату кезінде халықтың шамамен 60-70%-ы риэлторлар мен ипотекалық брокерлердің қызметіне жүгінеді. Әсіресе Астана, Алматы және Шымкент сияқты ірі қалалардағы екінші нарықтағы мәмілелердің басым бөлігі осы мамандардың қатысуымен өтеді.

Аружан Әлдебай – баспаналы болғысы келіп жүрген жандардың бірі, екі баланың анасы. Бірақ ешқандай санатқа кірмегендіктен, ресми табысы болмағандықтан, бала күтімінде отырғандықтан, баспана алу үшін ипотекалық брокерлерге жүгінгенін жеткізді.

– ЖОО былтыр бітірдім. Бала күтімімен үйде отырмын. Әзірге отбасымда күйеуім ғана жұмыс істейді. Табысы – 400 мың. Екі баламыз бар. Қалайда 2-3 бөлмелі үй алуды көздеп жүрміз. Бірақ жолдасымның табысы, зейнетақы жинақтары сай келгенімен, баяғыдан бері өтей алмай келе жатқан несиелеріне байланысты есеп-шоты бұғаттаулы. Кредиттің тарихнамасы да төмен. Сондықтан менің атыма ипотека рәсімдеу үшін делдалдарға жүгініп келеміз. Әлеуметтік желіден қарап, сенімдісін іздеп жүрміз. Бірде Астанадағы ипотекалық брокерлердің біріне барып жолықтым. Сонда 52 шаршы метр – 2 бөлмелі үйді 15 жылға айына 430 мың теңгеден төлеп тұруға ғана мүмкіндігіңіз бар деді. Алу үшін үйдің бастапқы жарнасы – 20%-ы, яки 6 млн теңге әкеліп құю керек екен. Мұндай қолайсыз шарттар жағаны ұстатты. Жалпы, баспана бағытына реформа қажет деп ойлаймын, – дейді елорда тұрғыны.

ТҮЙТКІЛДЕРДІҢ ТҮЙІНІ ТАРҚАМАҚ

Үкімет дерегінше, құрылысты қаржыландыру, дайын пәтерлерді сатып алу, инженерлік инфрақұрылымды дамыту және қолжетімді ипотека құралдарын кеңейту сияқты мемлекеттік қолдау шаралары жүзеге асырылуда. Осы шаралар аясында өткен жылы 218 миллиард теңгеге 14,5 мың жалдамалы пәтер сатып алынып, кезекте тұрған азаматтарға берілді. Сонымен қатар 14 мыңнан астам «несиелік тұрғын үйлерді» салу мен сатып алуға 140 миллиард теңге бөлініпті. 10,5 мың жер учаскесіне инженерлік желі тартылыпты. 68 миллиард теңгеге 2% және 5%-дық 5 мыңнан астам жеңілдетілген ипотекалық несие, сондай-ақ, «Наурыз» және «Наурыз-жұмыскер» бағдарламалары аясында 233 миллиард теңгеге 8,6 мың несие беріліпті.

Биыл жергілікті атқарушы органдардың бағалы қағаздарын сатып алу арқылы шамамен 11,5 мың кредиттік тұрғын үй салу мен сатып алуға 155 миллиард теңге қаражат жұмсау және 18,2 мың жеңілдетілген ипотекалық несие беру жоспарлануда екен. Биылдан бастап жалға берілетін тұрғын үйді сатып алу және инфрақұрылым тартуды қаржыландыру өңірлер мен жергілікті бюджеттерге аударылған жалпы сипаттағы трансферттер есебінен жүзеге асырылмақ.

Жуырда Үкімет отырысында Өнеркәсіп және құрылыс министрі Ерсайын Нағаспаев баяндама жасаған болатын.

– Өңірлердің әкімдіктері осы бағыттарды жеткілікті қаржыландыру үшін мүмкіндіктерді пысықтағаны жөн. Тұрғын үй саясатын біртіндеп жүзеге асыру азаматтардың тұрғын үй жағдайын жақсарту үшін өте маңызды. Мысалы, өткен жылы мамырда заңнамаға түзетулер енгізіліп, әкімдіктердің тұрғын үйді есепке алу және бөлу функциялары «Отбасы банкке» берілді. Жалпы жыл бойы азаматтарға шамамен 8 мың жалдамалы тұрғын үй және 11 мыңнан астам жеңілдетілген ипотекалық несие берілді. Сонымен қатар Тұрғын үй туралы заңға түзетулер енгізіліп, бұрын «сатып алу құқығы жоқ» жалдамалы тұрғын үйді жеке меншікке аударуға рұқсат берілді. Нәтижесінде өткен жылы 15 мыңнан астам азамат аталған құқықты пайдаланды, – деп сендірген еді министр.

Қала құрылысы құжаттарын қабылдау процесін орталықтандыру мақсатында мемлекеттік қала құрылысы кадастрының автоматтандырылған ақпарат жүйесін енгізу көзделіп отыр. Енді құрылысты бақылау, құжат тіркеу – бәрі-бәрі орталықтандырылған цифрлық форматқа көшпек. Бұл өз кезегінде «сақалды» құрылыстарды азайтып, уақытты үнемдеуге жол ашатын көрінеді.

P.S: ***Біздің нарық жаңа ипотека бағдарламаларына сұранып тұр. Сонымен қоса, елімізде құрылыс материалдарын көптеп салатын кәсіпорындар қажет-ақ. Ең негізгісі: құжат кедергілері шешіліп, нарықта бәсеке артса, қос-қостан үй алатындарға шектеу қойылса, бірнеше жылдың ішінде халықты баспанамен қамту оңтайлы шешілмек. Себебі әр жануя өзінің шаңырағында ғұмыр кешсе, қоғамдағы баспана мәселесінің түйіні тарқайтын түрі бар.***

ДҮЙСЕНБІ
15 МАУСЫМ

QAZAQSTAN

6:00 Әнұран
6:05 «Көршінің қызы» телехикаясы.
7:00 «TAŃSHOLPAN»
9:00 «Бір үйдің балалары» телехикаясы.
10:00 АҚПАРАТ
10:10 «Сезім мен серт» телехикаясы.
12:10 «ҚЫЗЫҚ ЕКЕН...» телевикторина.
13:00 АҚПАРАТ
13:10 «Жалған өмір» телехикаясы.
14:15 «Апта» сараптамалық бағдарламасы.
14:55 «Ақорда»
15:10 «Көңіл толқыны»
15:35 ФУТБОЛ. FIFA WORLD CUP 2026.
15:50 «Бір үйдің балалары» телехикаясы.
17:00 АҚПАРАТ
17:20 «ҚАЗІР АЙТАЙЫҚ» Тікелей эфир
18:00 «СЕЗІМ МЕН СЕРТ» телехикаясы.
20:00 АҚПАРАТ
20:30 «ГҮЛДЕР СЫРЫ» телехикаясы.
21:25 «МЫҢ УӘДЕ» телехикаясы.
22:20 «АШЫҚ АЛАҢ» ток-шоуы.
23:10 ФУТБОЛ. FIFA WORLD CUP 2026. МАТЧ ҚАРСАҢЫНДА Тікелей эфир
23:50 ФУТБОЛ. FIFA WORLD CUP 2026. БЕЛЬГИЯ – ЕГИПЕТ. Тікелей эфир
2:00 АҚПАРАТ
2:30 «Көңіл толқыны»
2:50 ФУТБОЛ. FIFA WORLD CUP 2026. САУД АРАБИЯСЫ – УРУГВАЙ. Тікелей эфир

5:00 Телесериал «Парфюмерша»
7:00 «Оян!»
9:00 «Көзқарас»
9:30 «Әлеумет»
10:00 Телехикая «Әшрефтің арманы»
12:00 «Cover show»
14:00 Мультсериал «Түрбозавры»
15:00 Комедия «Белые цыпочки»
17:00 Телесериал «Мечта Эшрефа»
19:00 Новости
19:30 Жаңалықтар
20:00 Кино «Мен оралам» (Назад в 90-ые)
21:30 Сборник «Cover show»
22:00 «КешREC»
23:00 Комедия «50 первых поцелуев»
0:45 Телесериал «Парфюмерша»

ASTANA TV

06.00 «Шымкент шоу»
06.20 «Жүрек үні» телехикаясы
06.50 «Любовь без тормозов» телесериал
07.50 «Кукольный дом» телесериал
09.00 «Үкім 2» телехикаясы
10.15 «Гүлжемал» телехикаясы
11.10 «Бажа 2» телехикаясы
12.40 «Базар жоқ, Мексика!» к/ф
14.20 «Зу-зу Күлпәш» телехикаясы
15.35 «Ана» телехикаясы
17.35 «Құйынды мекен» телехикаясы
19.00 «Astanatimes»
20.00 «Үкім 2» телехикаясы
21.00 «Гүлжемал» телехикаясы
22.05 «Сөнбеген жалын» телехикаясы
23.20 «Құйынды мекен» телехикаясы
00.40 «Любовь без тормозов» телесериал
01.30 «Бажа 2» телехикаясы

06:00 «П@УТINA» бағдарламасы
07:25 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
07:35 «KÖREMIZ-ШОУ»
08:35 «НОВОСТИ»
08:50 «ЖИТЬ ЗДОРОВО»
09:45 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
10:00 «МОДНЫЙ ПРИГОВОР»
10:50 «НОВОСТИ»
11:05 «ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ!»
12:05 Фильм «ЗОВИТЕ ЕРМОЛОВА-3»
13:15 «АНАЛИТИКА»
14:10 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
14:25 «НОВОСТИ»
14:30 «QOSLIKE»
18:30 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
19:00 «KÖREMIZ-ШОУ»
20:00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20:35 Многосерийный фильм «УЛИЦЫ РАЗБИТЫХ ФОНАРЕЙ-15»
01:05 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
01:45 Премьера. «ПОТЕРЯННАЯ ЖИЗНЬ»
02:50 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
03:15 «ҚАЙМАҚ» бағдарламасы
03:45 «П@УТINA» бағдарламасы

КТК

7:00 ҚР ӘНҰРАНЫ
7:05 «ӘНІМ СЕН ЕДІҢ», бағдарламасы
8:50 «ӨМІР-СЫНАҚ», телехикаясы.
10:30 «ПОСЛЕДНЕЕ ЛЕТО», мелодрама.
12:20 «РЕАЛЬНАЯ МИСТИКА», реалити-шоу
14:30 «КИНО ПО ПОНЯТИЯМ» к/ф
16:30 «ДВОРНЯЖКА ЛЯЛЯ», мелодрама
18:30 «ОДНАЖДЫ В ЧУКУРОВА», турецкая мелодрама.
20:30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР
21:00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ
21:40 «ТЫ МЕНЯ НИКОГДА НЕ ЗАБУДЕШЬ», мелодрама.
23:40 «ПУСТЫЕ ГОРОДА», криминальный детектив.
1:40 «ДВОРНЯЖКА ЛЯЛЯ», мелодрама
3:10 «ПОСЛЕДНЕЕ ЛЕТО», турецкая мелодрама (повтор)
4:45 «ӨМІР-СЫНАҚ», отандық телехикаясы
6:05 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР (қайталау)

31

06:00 «Әзіл студио» бағдарламасы
06:30 «Ризамын» ойын-сауық бағдарламасы
07:00 КИНО. «Ва-банк» (повтор)
09:00 Мультсериал «Аватар: Легенда об Аанге»
09:30 Мультсериал «Губка Боб»
10:10 Мультсериал «Пингвины Мадагаскара»
11:00 Мультсериал «Кунг-фу Панда»
11:50 Анимационный фильм «Лови волну»
13:30 КИНО. «Лара Крофт: Расхитительница гробниц 2 – Колыбель жизни (повтор)
16:00 КИНО. «Дети шпионов 4»
18:00 КИНО. Николас Кейдж в фантастическом боевике «Пророк»
20:00 Информбюро (рус/каз)
21:00 КИНО. Брюс Уиллис в боевике «РЭД 2»
23:10 КИНО. «Без жалости»
01:20 «31 әзіл» ойын-сауық бағдарламасы
02:40 «Time Vine» ойын-сауық бағдарламасы
03:00 «TikTok show» бағдарламасы
03:20 «What's up?» бағдарламасы
04:00 «Әзіл студио» бағдарламасы
04:20 «1001 әзіл» ойын-сауық бағдарламасы
04:30 Телевикторина «BALA BATTLE»
05:00 «What's up?» бағдарламасы
05:20 «Ризамын» ойын-сауық бағдарламасы

7

6:00 Әнұран
6:02 «Ауыл дәрігері» телехикая
7:00 «Үзілген жапырақтар» телехикая
8:50 «Тәуіп Хо Жун» телехикая
10:00 Телесериал
11:00 «ПИНГВИНЕНОК ПОРОРО»
13:00 «ҚАЙСАР ЖҮРЕК» телехикая
14:00 «ТАҚИЯСЫЗ ПЕРІШТЕ» телехикая
16:00 «ПИНГВИНЕНОК ПОРОРО» мультсериал
16:30 «НУ, ПОГОДИ!» мультсериал
17:00 Телесериал
18:00 ЖАҢАЛЫҚТАР. ТІКЕЛЕЙ ЭФИР
18:30 Телесериал
19:30 НОВОСТИ. ПРЯМОЙ ЭФИР
20:00 Телесериал
21:00 «ДАЛЕКИЙ ГОРОД» телесериал
22:00 «ҮЗІЛГЕН ЖАПЫРАҚТАР» телехикая
23:30 «ТӘУІП ХО ЖУН» телехикая
0:50 Жаңалықтар
1:15 Новости
1:40 Телесериал
2:40 Гүл-гүл шоу
3:20 Жарқыраған жұлдыз
4:10 Жұлдызды шаңырақта
5:00 Жаңалықтар
5:25 Новости

НТК

07.00 «Разминка»
07.15 Телехикая «Достық 99»
